# ЦИКЛОГРАММА

*Қыркүйек айы II –апта 13.09.2021-17.09.2021*

*«Жұлдыз»кіші тобы*

**Өтпелі тақырып:** «Балабақша»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. | | | | |
| Ата –аналармен кеңес, әңгімелесу | Ата-аналармен бала денсаулығы туралы әңгімелесу, күн тәртібін сақтау, балабақшаға бейімделу бойынша ата-анаға кеңес беру. | | | | |
| Ойындар (үстел үсті,саусақ, т.б.) | Құрылымдалған ойын:<br>**«Менің балабақшам»**<br>Мақсаты:<br>Балабақша туралы сұрақтарды түсінеді және тыңдайды.Сурет арқылы сұраққа жауап береді. | Құрылымдалған ойын:<br>**«Пішіндерді орналастыр» ойыны**<br>Мақсаты: пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастырады. | Педагог жетекшілігімен ойын:<br>**«Өз үйін тап» ойыны**<br>Мақсаты: құрылыс материалдарынан конструктор бөлшектерінен өз үйіне қарай, жолдар құрастыра алады | Құрылымдалған ойын:<br>**«Өз орнын тап» ойыны**<br>Мақсаты: түстерді таныйды және орналастырады. | Үстел -үсті ойыны пазл:<br>Тәрбиешінің жетекшілігімен ойын:<br>**«Үйшік құрастыр»**<br>Мақсаты: құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен үйшік құрастырады. |
| Таңертеңгі жаттығу | Таңғы жаттығулар кешені№1 | | | | |
| Таңғы ас | Ботқаның, дәрумендердің, дұрыс тамақтанудың және т.б.  балалардың денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу, дастархан басында әдептілік пен тазалық сақтап отырып ас ішуге баулу | | | | |
| Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық | Дидактикалық ойын:<br>«Өз орнын тап» | Дидактикалық ойын:<br>«Дауысынан ажырат» | Дидактикалық ойын:<br>«Не артық» | Дидактикалық ойын:<br>«Түсінен ажырат» | Дидактикалық ойын:<br>«Өз үйіңді тап» |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ | **Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)**<br>**Тақырыбы:**<br>Жүру,жүгіру(Қайталау)<br>**Мақсаты:**Педагогтың артынан жүру және бір қалыпты жүгіре алады.<br>Тәрбиешінің жетекшілігімен ойын: | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы: «Қанатты достар»**<br>**Мақсаты:** балалар балабақша ауласындағы  құстарды таныйды және атайды. (торғай, қарға, шымшық, көгершін) | **Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)**<br>**Тақырыбы:** Дене жаттығулары(қолға арналған) (Қайталау)<br>**Мақсаты:**Ересектердің көрсетуі бойынша дене жаттығуларын орындайды. | **Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)**<br>**Тақырыбы:**Таза ауада жүру,жүгіру.<br>(Қайталау)<br>**Мақсаты:**Таза ауада педагогтың артынан жүреді және бір қалыпты жүгіре алады. | **Музыка**<br>**Тақырыбы: «Бала бала баламыз»**<br>**Мақсаты:** Көңілді әнді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.<br>Әннің мағынасын түсіну. Ән айтуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын:** «Менің досым»<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: «Біздің топ»**<br>**Мақсаты**: Балалар топ бөлмелерін атайды, зат есімдерді қолданып заттарды сипаттай алады.<br>ҰОҚ барысы:<br>1.Шаттық шеңбері.<br>2 әңгімелесу.( Бала үні)<br>3. «Ойыншықтар достығы»ертегісін тыңдау.Сыни ойлау.<br>Тәрбиешінің жетекшілігімен ойын:<br>**Дидактикалық ойын:** «Топқа саяхат» | **Шаттық шеңбері.**Құрылымдалған ойын:<br>**Дидактикалық ойын:** «Торғайға жем береміз»<br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы: «Досымның доптары»**<br>**Мақсаты:** Дайын үлгіні қағаз бетіне орналастырады және орындалған жұмысқа қуана біледі.<br>ҰОҚ барысы:<br>1.Шаттық шеңбері. Бала үні<br>2..Үлгімен таныстыру<br>3.Сергіту сәті.<br>4.Шығармашылық жұмыс<br>Еркін ойын. | Тәрбиешінің жетекшілігімен ойын:<br>**Қимылды ойын:** «Кім жылдам?»<br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Көңілді жол»**<br>**Мақсаты:**<br>Қарындашты үш саусақпен дұрыс ұстай алады. Түзу сызықпен орналастырады.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Құрылымдалған ойын:<br>**Дидактикалық ойын:** «Досыма жол» | Құрылымдалған ойын:<br>**Қимылды ойын:** «Ақ қоянмен бірге»<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Доп»**<br>**Мақсаты:**<br>Қағаз қиындыларынан допты пішініне қарай құрастыра алады<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Құрылымдалған ойын:<br>**Үстел-үсті ойыны:** «Жолды құрастыр» | қызығушылықты дамыту.<br>Ән тыңдау: «Бала, бала, баламыз» Б.Қыдырбекова<br>**Әуенді ырғақты қимыл-ойын:** «Сенің атың кім?» муз: А.Айтуова |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру | | | | |
| **Серуен** | Картотека №6<br>Бақылау | Картотека №7<br>Бақылау | Картотека №8<br>Бақылау | Картотека №9<br>Бақылау | Картотека №10<br>Бақылау |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.<br>Бата беру: Асың, асың, асыңа,<br>Береке берсін басыңа!<br>Денсаулығың зор болсын,<br>Дастарқаның мол болсын! Аумин. | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балаларға тынығып ұйықтау үшін жағдай жасау | | | | |
| | «Бауырсақ» ертегісін | «Алма» ертегісін оқып | «Қызыл телпек» | «Үш аю» ертегісін | «Үйшік» ертегісін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оқып беру | беру | ертегісін оқып беру | оқып беру | оқып беру |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары** | Ұйқы ашар жаттығу<br>№1 картатека | Ұйқы ашар жаттығу<br>№2 картатека | Ұйқы ашар жаттығу<br>№3картатека | Ұйқы ашар жаттығу<br>№4 картатека | Ұйқы ашар жаттығу<br>№5 картатека |
| **Бесін ас** | Дастархан басындағы әдептілікке үйрету, тамақты тауысып жеуге, сүттің, айранның, ірімшіктің, құрттың пайдасы туралы әңгімелесу | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | Педагог жетекшілігімен ойын:<br>«Балабақша» бойынша картиналар қарастыру. | Құрылымдалған ойын: «Ойыншықты әкел » қимыл- қозғалыс ойыны. | Құрылымдалған ойын:«Мысық пен балапандар » қимыл-қозғалыс ойыны. | Құрылымдалған ойын:<br>**Ойын:** «Қақпадан өт » қимыл- қозғалыс ойыны.<br>**Мақсаты** : Балалар жылдам жүгіреді. | Педагог жетекшілігімен ойын:<br>**Ойын:**«Біз балабақшаға барамыз» үстел үсті ойыны. |
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | Рабинамен<br>Доптармен жаттығулар орындау.<br>Мақсаты: жаттығуларды қызығушылықпен орындайды.(Топпен) | Самғатпен<br>«Қояндар» Тәрбиеші балаларды сиқырлы таяқша көмегімен қояндарға айналдырады. | Балкүміспен<br>«Ойыншықтарға барамыз» Мақсаты: тура жол бойымен жүреді. Тепе-теңдікті сақтайды. | Мединамен<br>«Орман аңдары» жаттығуы. Балаларды орманға серуенге шақырады. | Ахмедпен<br>«Көрсет және қайтала» ойыны<br>Мақсаты: тазалық заттары туралы айтады. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету, жылы дұрыс киінудің адам денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу | | | | |
| **Серуен** | Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу. Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы айту, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауаптар, кеңестер бер | | | | |